

«БЕКТЕМІН»

Ж.А. Ташенев атындағы
Университет АҚ ректоры

т.ғ.к., профессор

 К. Байболов

«27» 08 2025 ж.

ТАШЕНЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЭКО-КАМПУСЫ

Ташенев Университетінің ЭКО-Кампусы – Университеттің білім беру, ғылыми және инфрақұрылымдық қызметіне тұрақты даму қағидаттарын енгізуге бағытталған институционалдық бастама. Жоба заманауи жасыл технологияларға сүйенеді және БҰҰ-ның 17 Тұрақты даму мақсаттарымен (ТДМ) үйлеседі.

МАҚСАТТАР

ESG қағидаттарын, жасыл технологияларды және тұрақты даму құндылықтарын өз қызметінің барлық салаларына – инфрақұрылым мен білім беру бағдарламаларынан бастап ғылыми зерттеулер мен қоғаммен өзара әрекеттесуге дейін енгізетін жаңа буынның тұрақты университетін құру. Университет экологиялық мәдениет пен инновация орталығына айналып, Қазақстандағы академиялық қауымдастық пен халықаралық серіктестерге үлгі болуы тиіс.

МІНДЕТТЕР

1. Экологиялық кампустарды, жатақханаларды және зертханаларды қамтитын тұрақты университеттік ортаны құру және дамыту.
2. Көміртек ізін азайту үшін заманауи жасыл технологияларды енгізу (күн энергиясы, жауын суын жинау, энергия үнемдейтін ғимараттар, цифрлық эко-шешімдер)
3. Оқу бағдарламалары, ESG мектептері, шеберлік сабақтары және студенттік бастамалар арқылы студенттерді, оқытушыларды және қызметкерлерді жүйелі түрде экологиялық ағарту.
4. Экология саласындағы ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды, стартаптарды және халықаралық ынтымақтастықты қолдау және кеңейту.
5. QS Sustainability, THE Impact Rankings, UI GreenMetric сияқты халықаралық рейтингтерге қатысу арқылы Университеттің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
6. Мемлекеттік органдармен, ҰЕҰ-лармен және халықаралық ұйымдармен, соның ішінде БҰҰ ТДМ университеттер желісімен тұрақты серіктестіктер құру.

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

Жасыл инфрақұрылым және ресурстарды басқару

1. «Жасыл құрылыс» қағидаттарына сәйкес ғимараттарды жаңғырту.
2. Энергия үнемдеу жүйелерін және жаңартылатын энергия көздерін енгізу.
3. Су ресурстарын тиімді пайдалану және үнемдеу (су үнемдегіш құрылғыларды орнату, жауын суын жинау, суды және электр энергиясын тұтынуды цифрлық мониторингтеу).
4. Жасыл аймақтарды, эко-парктерді және тұрақты ландшафт дизайнын дамыту.
5. Велосипед және жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын құру.

Білім беру және тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру

1. Барлық білім беру бағдарламаларына БҰҰ ТДМ және ESG компоненттерін енгізу.

2. Студенттер мен қызметкерлерге арналған ESG мектебі.
3. Болашақ мамандықтарға арналған «Жасыл дағдыларды» дамыту.
4. Жауапты тұтыну және табиғатты қорғау мәселелері бойынша бұқаралық этно науқандар, курстар мен студенттік жобалар.

Ғылым, инновациялар және цифрлық трансформация

1. Экология және климат бойынша зерттеу жобаларын дамыту.
2. Жасыл стартаптар мен экологиялық инновациялар инкубаторы.
3. Су, электр энергиясы мен қалдықтарды тұтынуды бақылау және оңтайландыру үшін цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын енгізу (SmartCampus, EcoTracker AI).
4. Тұрақты дамуды жоспарлау және экологиялық тәуекелдерді болжау үшін үлкен деректерді талдау.

Әлеуметтік қатысу және қауымдастықты тарту

1. Студенттер мен қызметкерлер арасында эко-амбассадорлар желісін құру.
2. Zero-Waste іс-шаралары, Эко-форумдар және Жасыл апта.
3. Университеттің экологиялық брендингін дамыту және эко-символикасы бар мерч шығару.
4. Түлектерді, ата-аналарды және жергілікті қауымдастықтарды эко-бастамаларға тарту.

Жаһандық серіктестік және есептілік

1. Мемлекеттік органдармен, БҰҰ-мен және халықаралық қауымдастықтармен ынтымақтастық.
2. Халықаралық тұрақты даму желілеріне қатысу (SDSN, UI GreenMetric Network және т.б.).
3. QS Sustainability, THE Impact Rankings және UI GreenMetric форматтарына сәйкес жыл сайынғы ESG және ТДМ нәтижелері бойынша есеп беру.
4. Халықаралық бірлескен бағдарламалар мен жобаларды дамыту.

ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ МЕН KPI (2025–2029)

№	Іс-шара	KPI / Метрика	2025–2026	2026–2027	2027–2028	2028–2029
1. Жасыл инфрақұрылым және ресурстарды басқару						
1	Қалдықтарды бөлек жинау	Жүйесі бар ғимараттар саны	1	3	5	7
2	Су үнемдеу	Нүктелер саны / қайта өңделген қалдық көлемі	10/2 т	20/5 т	30/10 т	50/20 т
3	Жауын суын жинау жүйесі	Суды тұтынуды азайту %	3%	7%	12%	20%
4	Күн панельдерін орнату	Ғимараттар саны / кВт энергия	1/500 кВт	3/2000 кВт	5/5000 кВт	7/8000 кВт
5	Ғимараттарды эко-мониторинг	Аудит саны / анықталған бұзушылықтар	2/аудит	5/аудит	10/аудит	15/аудит
6	Электронды қалдықтарды жинау	Пункт саны / жиналған көлем	1 пункт / 50 кг	3 пункт / 100 кг	5 пункт / 300 кг	8 пункт / 400 кг

7	«1 студент – 1 ағаш» бағдарламасы	Ағаш саны	100	300	500	700
2. Білім беру және тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру						
8	Эко-дәрістер және шеберлік сабақтары	Дәріс саны / қатысушылар	2 / 100	4 / 200	6 / 300	8 / 500
9	ESG мектебі	Қатысушылар саны	30	60	100	150
10	Студенттердің ТДМ түсінігін жыл сайын тестілеу	Тестілеу / қамтылған студенттер %	Өзірлеу және пилот / 20%	Толық енгізу / 50%	Үнемі өткізу / 70%	Үнемі өткізу / 85%
11	Жасыл дағдылар бойынша курстар	ТДМ компоненті бар білім беру бағдарламаларының үлесі	3%	7%	10%	15%
12	Оқытушылардың тұрақты даму бойынша сертификаттау	Сертификатталған оқытушылар саны	10	30	50	80
3. Ғылым, инновация және цифрлық трансформация						
13	EcoTracker AI (цифрлық мониторинг)	Пайдаланушылар саны	Өзірлеу	100	500	1000
14	Кампусқа арналған ЖИ шешімдері	Енгізілген шешімдер саны	Пилот (1)	3	5	7
15	Жасыл IT-шешімдер	Жобалар саны / бұлтты шешімдер үлесі	1 / 10%	3/25%	5/50%	8/70%
16	Жасыл стартаптар инкубаторы	Идеялар саны / қаржыландырылған жобалар	2 / 0	5/1	10/3	15/5
17	Декарбонизация саласындағы ғылыми зерттеулер	Жарияланымдар / жобалар саны	2	5	8	12
4. Әлеуметтік қатысу және қауымдастықты тарту						
18	Zero-Waste іс-шаралары	Іс-шаралар саны	2	5	10	15
19	Эко-амбассадорлар	Қатысушылар саны	10	30	50	70
20	Жасыл апта / Эко-форум	Іс-шаралар саны / қатысушылар	1 / 100	3 / 300	5 / 500	7 / 800
21	«Жасыл жатақхана» бағдарламасы	Эко-стандарттарға сай жатақхана саны	2	4	5	7
22	Университеттің экологиялық бренді	Логотип пен мерчтің болуы	Лого + 100 дана	300 дана	500 дана	800 дана

5. Жаһандық серіктестік және есептілік						
23	ТДМ бойынша халықаралық серіктестік	Келісімдер мен бастамалар саны	1	3	5	8
24	ҚР экодепартаментімен және ЖОО-ларымен ынтымақтастық	МоU саны / іс-шаралар	2	4	6	8
25	Халықаралық экологиялық іс-шаралар	Іс-шаралар саны / қатысушылар	2 / 200	3 / 300	5 / 500	7 / 700
26	Жыл сайынғы Эко-есеп (Annual Sustainability Report)	Есеп шығару	Үлгі	1-ші есеп	2-ші есеп	3-ші есеп
27	Халықаралық тұрақты даму желілеріне кіру	Желілер саны	Дайындық	1	2	3

ӨСУ КЕЛЕШЕГІ

Ташенев Университетінің ЭКО-Кампусы су үнемдеу, энергияны тиімді пайдалану және қалдықтарды жауапты басқару күнделікті тәжірибенің бөлігі болатын тұрақты университеттік ортаны қалыптастырады. Ұзақ мерзімде бастама ресурстарға шығындарды азайтып, кампустың экологиялық жағдайын жақсартады, студенттер мен қызметкерлердің қатысуын арттырады және Университеттің Қазақстандағы әлеуметтік жауапты білім беру мекемесі ретіндегі беделін нығайтады.

Орындаған:

Басқарма мүшесі – Аппарат басшысы Қ.С. Сүгірбекова